

**Облыстық коммуналдық меншікке жататын акционерлік қоғамдардың және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) көлемдерін белгілеу туралы**

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 70 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 4201 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарына сәйкес, Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Облыстық коммуналдық меншіктегі акцияларының 100 (жүз) пайыз мемлекеттік пакетімен (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің дивидендтерінің (кірістерінің) мөлшері шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте, ал еншілес ұйымы (еншілес ұйымдар) болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза кіріс сомасының кемінде 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде белгіленсін, "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігін қоспағанда және "Ақтау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамының дивидендтінің төленуі мемлекеттік акциялар пакетін сенімгерлік басқару шарты негізінде қалдырылсын.

**Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 17.12.2025 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің акцияларын (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) иелену және пайдалану құқығы берілген мемлекеттік органдар (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) дивидендтердің (кірістердің) белгіленген көлемінің облыстық бюджетке толық және уақтылы аударылуын қамтамасыз етсін.

3. "Маңғыстау облысының қаржы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 3 тармаққа өзгеріс енгізілді - Маңғыстау облысы әкімдігінің 17.12.2025 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 4 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы әкімдігінің 17.12.2025 № 276 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Маңғыстау облысының әкімі*

*С. Трумов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК